

А.С. Балапанова, Е. Назаров

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ

Қытай халқының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасын арғы тарихтан қарайтын болсақ, өзге ұлттармен көп соғысып көрмеген, жаугершілік заманды бастарынан көп өткермеген халық. Бірақ, сөйте отыра көптеген елдерді өздеріне сіңіріп алған. Өйткені, оларда ертеден осындай заң, ереже бар. Бұл заң, ереже қағаз жүзінде емес, саналы түрде қалыптастырылған. Мемлекетті басқару, мемлекетті кемелдендіру саясатын ұстанып және Конфуций бастаған даналар пәлсапасына сүйене отырып көрші елдермен ымыралы түрде келісім жасаған. Нақтырақ айтқанда, бұл қытайлар үшін бірінші орындағы мәселе. Сол арқылы қарым-қатынастарын күшейте беруге барынша күш салып отырған. Бұл бағытта кейбір елдер әлсіз келеді. Мәселен, заңы осал, саясаты солқылдақ, мәдениеті төмен, қарама-қайшылығы көп елдер болатын болса, олар сол жағдайларды пайдаланып өзінің мәдениетін, идеологиясын біртіндеп сіңіре бастайды. Осыдан кейін өзге әлсіз, тамырсыз, рухы тоналған ұлттар өздері-ақ келіп қытайдың жылы жібек көрпесінің астына бірақ сүңгиді. Мысалы, ертеде түркілердің Ли сыма деген қағаны қытайларға өз еркімен барып қосылған. Себебі, сол замандағы түркілер бір-бірімен соғысып, бірінің басын бірі алып жатқанда, тып-тыныш өмір сүріп жатқан қытай ұлты өзгелерді өз өркениетімен, мәдениетімен, тыныштығымен қызықтырды. Ертедегі қытай мемлекеті арлы-берлі босудан басқа тындырар ісі жоқ, мәдениет, өнер мен техникадан жұрдай, тым болмаса тұрақты мекені де жоқ ұсақ ру тайпаларды басынан сипап, қамқорлық көрсетіп, ұзын қорғанның ішіне кіргізіп алған соң тез арада қытайластырып жіберіп отырған. Этникалық қытайлардың қанында ежелгі ғұндардың, түркілердің, кидандардың, моңғолдардың, жүржіндердің, манжурлардың қаны жоқ деп кім айта алады.

Қытайлардың ұстанатын тағы бір ұстанымы бар, ол – өздерін мықты басқару, өздерін өзгелерге тамаша етіп көрсету. Сол арқылы өзге ұлттарды өзіне қарай баурау. Ал олар халықаралық дипломатияда: «біз әрбір елмен тереземіз тең, дәрежеміз де тең. Өзімізге өзіміз қожа бола отырып, өзге елдермен тең тұрып қарым-қатынас жасаймыз. Ешкім бізге, біз ешкімге қожа болмаймыз, теңбіз» деп, күн құрғатпай бүкіл ақпарат құралдары арқылы жар салып отырады[1].

Қазіргі таңда Қытайдың заңына бүкіл дүние халқы тәнті. Қытайлар заңдары алдында өздерін

аямайды. Заңдары қатал, халқы еңбекқор, ізденгіш. тыңнан тапқан жаңалықтары бүкіл дүниені таңдандырады. Неге? Өйткені, «Ең алдымен өзіңді мықты ұста. Сен мықты болсаң ел сенің маңайыңа өзі-ақ жиналады», деп Конфуций айтқан. Қытайдың бүгінгі өмірінде де ұстанып отырған идеологиясы міне осы. Қытайдың төңірегіндегі ұсақ елдердің бәрі бүгінгі күнде оның аузына қарап отыр. Себебі, өркениеті дамыған, мәдениеті бар, әрі ешкімге қабақ шытып қарамайды. Сапасыз болса да өз отандық өнімдерімен көршілерінің жоқ-жітігін жамап, базарын толықтап жатады. Қандай іс болсын бейбіт түрде жүзеге асыруға тырысады. Олар әрбір іске аса үлкен жауапкершілікпен және үлкен мақсатпен кіріседі. Бір жұмыс жасаса оны текке жасап отырған жоқ. Біз осыны ескеруіміз керек. Оның арғы жағында талай-талай мақсаттар тұр.

Жыл санаудан бұрынғы V ғасырда жасаған қытайдың әскери істер жағындағы аса көреген ғұлама ғалымы Сүнзі өзінің әйгілі «Сүнзінің әскери амалдары» атты еңбегінде: «Шайқас жасау алдындағы есеп-жоспар, қарсы жақтың есебінен әлдеқайда жан-жақты, жеттік болып мығым түссе – жеңіс, керісінше болса – жеңіліс», деген екен. Қашанда өзгелерден ерте қозғалып ширақ қимылдайтын шығыс жағымыздағы осы бір көршіміз тәуелсіз қазақстанды бір сәт назарынан тыс қалдырып көрген емес. Қазақстан республикасы мен Қытай халық республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастар турасындағы келісім шарттардың негізінде Қазақстанға байланысты бірқатар жұмыстардың бетін ашты.

Біздің мемлекетте оларға ашық тұрған талабы бос есік бар. Сол есік арқылы олар ойына келген жұмыстарын жалғастыра береді, сөйтіп бірте-бірте экономиканы жаулайды. Ал, экономиканы қолға алған соң қалғанының бәрі оңай деген сөз. Атап өтерлігі «Шинжияң экономика газеті күн сайынғы номерлерінде Қазақстанның күнделікті экономикалық жағдайынан былайша айтқанда базардағы көкөніс бағасынан тартып халықарадағы мұнайының әр барелінің бағасына дейін жариялап отырады. Сондай-ақ, Қазақстан экономикасының болашағына болжамдар да жасап, тіпті күзгі жиын терінде қанша тонна астық алатынына дейін есептеп жариялап отырады. 2008 жылы 28 қазанда Қытай халық республикасының Қазақстандағы бас елшісі Чың гуопиң Шинхуа агенттігінің тілшілеріне берген жауабында: «Қазіргі кездегі

Қазақстан Қытай қарым-қатынастары тарихтың ең жақсы уақыт кезеңінде тұр. Екі ел басшыларының тіке көңіл бөлу аясында екі жақты саяси сенімділік барған сайын тереңдеп келеді, әр саладағы ынтымақтастықтар жаппай дамыды, екі ел Халықтарының өзара барыс-келістері тіптен қоюлады», деді. Ендеше бүгінгі жаһандану дәуірінде біздің дұрыс бағытымыз, дұрыс идеологиямыз болмаса біз жеңіліс табамыз. Қытай халқы бұл жаһанданудың да алдын алып отыр. Олардың «Ұлы Қытайды гүлдендіру» нысанасы бар, соның ішінде жазуы мен тілін ешкім нұқсан келтіре алмайтындай етіп заңдастырған. Қай елде, қай жерде жүрсе де қытайлар өздерінің қытай екендігін дәлелдеп жүреді. Қытай екендігіне, қытай болғандығына мақтанады. Өзге тілдерді біліп тұрса да сөйлемейді. Біз Қытайдың осы қасиетін дұрыс түсініп, үйренсек жақсы болар еді. Өз елінің проблемаларын шеше алмаған елдерге Қытай болсын, Америка болсын, Ресей болсын өз идеологияларын оп-оңай енгізе алады. Түптеп келгенде, біз осылардың алдын алуымыз қажет. Өз идеологиямызды қалыптастырып соны нығайтуға борыштармыз. Мәселенің түйіні керемет мықты заң шығаруда емес, қайта Қытай сияқты өз тілін, ұлтын, халқын шын мәнінде сүйетіндей ұлт санасын оятуда. Біздің халықта ұлттық сана бар болатын. Бірақ, кешегі Кеңестік қызыл империя оны тұншықтырып тастаған. Өкінішке қарай сол ұлттық сана әлі толыққанды сергек күйге келе қойған жоқ. Ұлттық сана толық оянған жағдайда ғана біз Қытайдан қорықпай қарым-қатынастарымызды жалғастыра аламыз. Ал ұлттық сана оянбай, ұлттық намыс асқақ өреге көтерілмей тұрып Қытайға жалпақтау – сол бұрынғы замандардағы қытайдың санын арттырып бергеннен басқа ештеме тындыра алмаған ру тайпалар сияқты оның территориясын кеңейтіп беруден басқа ештеме де болмайды.

ҚХР-мен қарым-қатынастар – Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатындағы басты бағыттарының бірі. Территориялардың шекаралас болуы, сондай-ақ, күшті шығыс көршінің үлкен экономикалық потенциалы мен оның халықаралық аренадағы, соның ішінде Азия кеңістігіндегі, салмағы бұл аймақтағы егеменді республикалардың Қытаймен тұрақты достық қатынастарда болу мүдделілігін анықтайды. Және де бұл қарым-қатынастар теңдік, өзара мүдделілік пен мемлекеттердің ішкі істері мен жағдайларына қол сұқпаушылық принциптеріне негізделіп орнатылуы керек.

Орталық Азияның жас мемлекеттері ҚХР-мен көп векторлы байланыстардың бар болуын ең алдымен территориялық тұтастық пен қауіпсіздік, экономикалық даму мен ішкі саяси тұрақтылығы үшін қолайлы сыртқы жағдай-

ларды құру сияқты мәселелерді шешу тұрғысынан қарастырады.

Өз кезегінде, Орталық Азия Қытайдың экономикалық және қауіпсіздік мүдделер шеңберіне кіреді. Бұл аймақтағы республикалармен байланыстарды нығайту – ҚХР сыртқы саясатының басты міндеттерінің бірі. Қазіргі кезеңде, ҚХР шекараларына жақын жерде АҚШ әскери базаларының бар болуы жағдайларында, Пекин сыртқы саяси мүдделері мен басымдықтары арасында Орта Азиялық аймақтың маңыздылығы күрт өсуде [2].

Пекиннің бұл бағыттағы саясатын анықтайтын маңызды факторларының бірі, – бұл аймақтың Қытайдың ең тұрақсыз ауданы – Синьцзян Ұйғыр Автономдық Ауданымен шекаралас болуы. ҚХР мен Орталық Азияның үш мемлекеті – Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстан арасындағы 3000 км созылған шекараның екі жағында да ұқсас мұсылман ұлттардың өкілдері тұрады: қазақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, тәжік пен дұңғандар. Пекин Орталық Азия республикаларының тәуелсіздігін алу кезіндегі «демонстрациялық» эффектін Синьцзянның жергілікті халықтарына ықпал етуінен қорықты. Бұндай қорқыныш Шығыс Түркістан (ұйғырлардың СУАР-ды атауы) тәуелсіздігі үшін қозғалыс басшыларының аймақтың жаңа мемлекеттері тарапынан көмек күткендігінен туындаған болатын. Алайда, мұндай жоспарлар шындаққа асқан жоқ.

Оның үстіне, Қытайдың Орталық Азия мен Қазақстанда елеулі экономикалық мүдделері де бар. Тіпті екі жақ арасындағы байланыстарды орнатудың бастапқы кезеңдерінде-ақ, бұл елдердің рыноктарында Қытайдың орнын табу қытай дипломатиясының түсінігінше басты міндеттердің бірі болды. Ал бұл елдердің астаналарында қытай сауда өкілділіктері тіпті, қытай елшіліктерінен бұрын да ашылған болатын.

Орталық Азия елдерінде өндіріс көлемдерінің азаюы, Ресейден келетін тауарлардың азаюы, сатып алу мүмкіншіліктерінің төмендеуі жергілікті рыноктардың қытайлық көпшілік қолды тауарларымен толтырылуына жақсы мүмкіндіктер жасаған болатын. Қазіргі кезде, қарқынды экономикалық дамуды бастан кешіріп отырған Қытай өз назарларын аймақтың шикізат, оның ішінде, әсіресе, энергетикалық ресурстарына бағыттауда.

Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ҚХР Орталық Азия республикалары мен Қазақстанның егемендігін таныған алғашқы мемлекеттердің бірі болды. 1992 жылдың 3 қаңтарында-ақ Қытай өкіметі Қазақстанмен, содан соң, келесі күннен бастап 7 ақпанға дейінгі уақыт аралығы ішінде Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түркіменстанмен дипломатиялық қатынастар орнатылғаны туралы мәлімдеді.

Бұл байланыстарды нығайту процесінде шекаралық мәселені шешудің маңыздылығы ерекше үлкен болды. Өз уақытында, Қытайдың ҚСРО-ға, оның үш Орталық Азиялық республикаларына тікелей қатысы бар, шекаралық талаптарын қойғаны мәлім. Бұл сұрақ негізінен Ресей мен егемендік алған шекаралас үш мемлекеттердің (Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстанның) бірлескен делегациясы және Қытай арасында болған пікірсөздер барысында өз шешімін тапқан (1990-шы жылдардың бірінші жартысы – ортасы).

Қытай Халық Республикасымен көпжақты қарым-қатынастарды дамыту жағынан Орталық Азия республикалары арасында Қазақстан үздік орын алады. Екі елдің жоғарғы деңгейлі мемлекет қайраткерлері мен басшыларының арасында кездесулер жиілігі өте жоғары. Н. Назарбаевтың Қытай Халық республикасына ресми сапарының нәтижесінде қабылданған (1993 октябрь) Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы достық қарым-қатынастар негіздері туралы Декларация Алматы мен Пекиннің бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастықты нығайту ниеттерін көрсетеді.

Екі жақтың да мемлекетаралық байланыстардың тиісті принциптермен сәйкес қызмет етуі, оның ішінде ішкі істеріне қол сұқпаушылық, бұл елдер басшыларымен жиі-жиі дәлелденуде; бұл принциптер 2002 жылы декабрьде қол қойылған Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы достық және ынтымақтастық туралы Келісімнің негізі болды. Қазақстанның жоғарғы деңгейлі мемлекет қайраткерлері Тайваньды Қытайдың бөлінбес бөлігі ретінде қарастыратындығын жиі-жиі айтуда, ал Қытай қазақстандық дипломатиясының бастауларына қолдау көрсетеді. Соның ішінде Н. Назарбаев ұсынған Азиядағы ынтымақтастық пен сенімділік шараларына байланысты кеңес (СВМДА) шақыру бастамасын атап айтсақ болады. ҚХР тарапынан қолдау көрсету мысалы ретінде ҚХР басшысы Цзян Цзэминьнің СВМДА мүше елдерінің басшыларының жиналысына (Алматы 2002 июнь) қатысуын айтуға болады. Жалпы, Қытай-Қазақстан арасындағы өзара байланыстардың заңдылық негізін 105 әр түрлі документ пен екі жақты келісім-шарттар құрайды.

Қытай-Қазақстан екі ел халқының ұзақ тарихи достық қатынасы бар. Әлемге әйгілі «жібек жолы» екі ел халқының қоян-қолты қатынасын жалғап келді. Реформа жүргізіп экономиканы дамыту – Қытайдың қазіргі алға қойып отырған басты міндеті. Бұл міндетті орындау үшін бейбіт тұрақты халықаралық орта қажет. Сол үшін Қазақстан мен бейбіт тепе-тең тұру, бес принциптің негізінде қарым-қатынас

дамыту Қытай сырқы саясатының басты бір құрамы. Қытай Қазақстанмен қатынасын дамытуға ерекше назар аударып, оны сыртқы қатынастарындағы ең басты орынның біріне қойып отыр. Қазақстан мен досты қатынасты жақсарту Қытайдың батыс солтүсік аймақтарындағы тыныштық пен осы аймақтың экономикасын дамытуға септігін тигізетіні белгілі.

Қытаймен ынтымақтастықты жақсарту Қазақстан үшін де маңызы зор. Қазақстан ашық теңізге өтелей шыға алмайын құрлықтық ел болғандықтан, Қытай Қазақстанның әлемге шығудағы үлкен бір есігі болып табылады. Сонымен бірге қытай-Қазақстан мемлекеттерінің зара экономикалық, мәдени, информациялық ынтымақтастығының орнатудың екі жақа да қомақты пайдасы бар.

Ежелгі «жібек жолын» қайталай жаңғыртып оны осы заман жобасына сай етіп қолдану Қытай-Қазақстан халықтарының болашағы мен осы аймақтағы бейбітшілік пен тұрақтылық үшін қосатын үлесі зор болып қала бермек. Қытай елбасшылары Қазақстанмен қарым-қатынасына баса мән беріп келеді.

Тәуелсіздікке қол жеткізген бетте-ақ, әлемдегі алып елдердің бірі көрші жатқан Қытай Халық Республикасымен мемлекетаралық достық қатынастарды орнату егеменді Қазақстанның сыртқы саясатындағы кезек күттірмес міндеттердің бірі болды. ҚХР-мен арадағы шекара мыңдаған шақырымға созылып жатыр.

Бұл елдің миллиардтан астам халқы, үлкен экономикалық мүмкіндігі, оның экономикасының ұрақты дамуы, екі елдің шекаралас аудандарындағы тұрғындардың этникалық жақындығы осының бәрі және басқа кптеген факторлар Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі басым бағыттардың бірі ретінде қазақстан-Қытай қатынастарын бөліп қрсетуге объективті алғы шарттар жасайды[3].

ҚХР үкіметінің Қазақстанға берген кепілдіктері көп жағынан республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Қазақстан ҚСРО құрамында болған тоталитарлық кезеңде, әсіресе, 60-70 жылдары Қытаймен арадағы қатынастар те шиеленісіп кеткен болатын. ҚХР-мен саяси және экономикалық салаларда тең дәрежедегі достық қатынастарды орнату тарихы республика басшылығының мүдделеріне жауап береді, әрі олардың үлкен болашағы бар, сондықтан бұл маңызды мәселені саяси-тарихи тұрғыдан талдау, алғашқы тәжірибелерді қорыту және сол негізінде болашақты бағамдау өте өзекті болып табылады.

ежегодной Алматинской конференции. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2008. – 11 июня.

2. Лаумулин М.Т. *Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика.* – Алматы, 2000.

3. *Современные глобальные проблемы мировой политики / Под ред. М.М. Лебедевой.* – М.: Аспект Пресс, 2003.

В данной статье анализируются основные аспекты политических взаимоотношений между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республикой.

In given article it is analyzed the basic aspects of political mutual relation between Republic Kazakhstan and the Chinese National Republic.

Ш. М. Жандосова

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНСКОГО ОБЩЕСТВА

Понятие «гендер», «гендерные отношения», «актуализация гендера» и «гендер и развитие» стали привычными понятиями в активной женской среде. И хотя значение и роль феминизма, а также все связанное с этим движением, по-прежнему не признается, именно феминизм заложил основу для будущих побед женщин над устоявшимися, несправедливыми к женщинам традициями и стереотипами. Благодаря идеям феминизма, и особенно его интеграционным течениям, был совершен переход к партнерским гендерным отношениям, были разработаны стратегия и тактика внедрения эгалитарных отношений в обществе. Однако, создание такой атмосферы, в которой женщины были бы всесторонне и справедливо представлены и разделили бы на равных власть с мужчинами, остается главной целью, за осуществление которой борьба будет продолжаться [1].

Анализируя эти три этапа, складывается парадоксальная ситуация с положением женщин в Казахстане. Например, в советское время, женщина имела все привилегии для того, чтобы сочетать профессиональную и семейную роли. В то же время в странах Западной Европы и США шла усиленная борьба за равноправие женщин.

На мой взгляд, с обретением независимости Казахстаном, мы сохранили лишь только лишь право женщин в области получения образования и права голоса на выборах от советского прошлого. В этой связи следует отметить, тот факт, что в Западной Европе и США существовало движение суфражисток – борьба за избирательное право, в то время как советская власть в 1917 г. автоматически предоставило женщинам право голоса. Получается, что мы одним махом потеряли всё и теперь снова боремся за равноправие женщин, имевшим немаловажное значение в одном из этапов развития Республики Казахстан. Особенно поражает логика молодых девушек.

Например, высказывания типа: «Зачем женщине участвовать в политике, ведь она потеряет всю свою женскую природу?» Исходя из сегодняшней политической ситуации и массовых настроений в обществе, хотелось бы предложить способ решения гендерных проблем Казахстана. Главной задачей нашего общества в современных условиях является преодоление предрассудков относительно социальной принадлежности женщин. Для этого необходимо начинать воспитание женщин в семье как личности, которая имеет равные права с мужчинами, а уже впоследствии решать вопрос на политическом уровне. Как писала Бетти Фридан «Эмансипация начинается в душе женщины, а не у избирательного участка».

Крушение социалистической системы, а вместе с ней и патерналистской политики государства по отношению к женщинам, коренным образом повлияла на изменение социально-экономического положения и статуса женщин в обществе в целом. Вследствие кардинальных изменений социально-экономических и политических условий женщины вынуждены были осваивать новые роли и новые статусные позиции в обществе. В то время как многие отцы семейства из-за закрытия и банкротства предприятий, фабрик и заводов, теряли свое лидерство в семье и обществе, женщины активно осваивали различные виды и сферы экономической деятельности. Они проявляли большую активность и настойчивость в поисках путей и средств экономического самообеспечения в условиях реформирующегося общества, все более становились основными добытчицами, независимыми и самостоятельными. Многие международные эксперты отмечали, что в странах СНГ роль выживания на уровне семьи приняли на себя женщины. Они брались за любую работу, занимались мелкой торговлей и челночным бизнесом, делали все возможное и невозможное, чтобы обеспечить семью и детей,